

## "Қазмырыш" акционерлік қоғамының акциялары мемлекеттік пакетінің бір бөлігін сату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 627 Қаулысы

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасында бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногын жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазмырыш" акционерлік қоғамының акциялары мемлекеттік пакетінің 5 (бес) пайызы мөлшеріндегі бір бөлігін Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы арқылы сатуды жүзеге асырсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*